

**«Ақмола облысы білім басқармасы Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Қараөзек
ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына
түсінік хат**

Мектептің оқу жұмыс жоспары-мектептің даму бағдарламасы, білім беру ұйымының нормативтік-құқықтық базасы негізінде әзірленген. 2023-2024 оқу жылындағы нормативтік құжаттар:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»;
- "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығы БҒМ-нің 2022.08.12 № 365 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қыркүйекте № 29916);
- "жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115);
- "Білімді ұлт ""Сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы
- "Білім алушылардың үлгерімі бойынша ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- –"Орта білім беру, мектепке дейінгі ұйымдарға және орта білім беру ұйымдарына, оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтар, оның ішінде электрондық түрдегі тізбесін бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- – "ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы);
- – «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);
- Жалпы білім беретін мектептегі оқу үрдісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі (БҒМ-нің 2022.08.12 № 365, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қыркүйекте № 29916 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сияқты жоғарыда көрсетілген құжаттардан тұрады.

Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде әр сынып үшін ҮОЖ таңдалды.

1-4 сыныптар – 1-қосымша (18.08.2023ж. №264)

5-9 сыныптар – 6-қосымша (12.08.2022ж. №365)

10-11 сыныптар – 12-қосымша (18.08.2023ж. №264) 22-қосымша (08.11.2012ж. №500)

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- ✓ Оқу жылының ұзықтығы 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11 сыныптарда - 34 аптаны құрайды.
- ✓ 1-2 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.
- ✓ «Орыс тілі» пәні 2-сыныптан бастап оқытылады.

- ✓ «Ағылшын тілі» пәні 3-сыныптан бастап оқытылады.
- ✓ 10-11 сыныпта ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1 сағатқа артады.
- ✓ 10-11 сыныпта «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді.
- ✓ Таңдау пәндері(стандарттық деңгей): «Дүниежүзі тарихы», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Құқық негіздері» пәндерінен 10-11 сыныптарда 2 пән 1 сағаттан оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 1 сыныпта-1 сағат;
- 2 сыныпта-2 сағат;
- 3 сыныпта-1 сағат;
- 4 сыныпта-1 сағат жүргізіледі.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат ойнау сабақтарына бөлу ұсынылады. Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары "Жаһандық құзыреттер"курсын оқуға бөлінген.

10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 10 – сыныпта – 6 сағатты, 11-сыныпта - 6 сағатты құрайды. Инварианттық компоненттен таңдау пәндері 10-сыныпта: «Қазақ әдебиеті», «Биология». «Дене шынықтыру» пәндеріне берілген. 11-сыныпта: «Қазақ тілі», «Қазақстан тарихы», «Химия» пәндеріне бөлінген. Сондай-ақ "Жаһандық құзыреттер" мен «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» курсы, география мен биологияға элективтік курстарға оқуға бөлінеді. Сыныптағы, сыныптан тыс (факультативтік, жеке сабақтар, арнайы курстар) және оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда, оқушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР МЖМБС нормасына сәйкес ұйымдастырылған.

Оқу жоспары мыналарды қарастырады:

1-11 сыныптарда вариативті компонент есебінен білім беру процесіне қатысушыларға арналған ӘНХ ұсыныстарына сүйене отырып іске асырылады:

- 1 « А » сыныпта-1 сағат "Математика шыңы"
- 2 « А » сыныбында-2 сағат "Жұмбақтар сандығы", "Математика өмірде"
- 3 « А » сыныбында-1 сағат "Математика және логика"
- 4 «А» сыныбында -1 сағат "Шахмат"
- 5 «А» сыныбында- 0,5 сағат, Жаһандық құзыреттер – «Парасаттылық және этика»
- 6 «А» сыныбында- 0,5 сағат, Жаһандық құзыреттер – «Азаматтық және патриотизм»
- 7 «А» сыныбында- 0,5 сағат, Жаһандық құзыреттер – «Тіршілік қауіпсіздігі»
- 8 «А» сыныбында- 0,5 сағат, Жаһандық құзыреттер - «Экологиялық мәдениет»
- 9 «А» сыныбында- 1 сағат, Жаһандық құзыреттер – «Зайырлылық және дінтану»
- 10 «А» сыныбында –«Қазақ әдебиеті» 1сағат, «Биология» 1сағат, «Дене шынықтыру» 1сағат
- 11 «А» сыныбында – «Қазақ тілі» 1сағат, «Қазақстан тарихы» 1сағат, «Химия» 1сағат
- 10 «А» -11 «А» сыныбында- 1 сағат " Дене шынықтыру: спорттық ойындар "
- 10 «А» -11 «А» сыныбында- 1 сағат " Жаһандық құзыреттер "
- 10 «А» сыныбында - 1сағат "Әлемдік география"
- 11 «А» сыныбында- 1 сағат " Биология әлемі"

Мектеп басшысы:  К.Е. Даирова

